

«Бекітемін»

Мектеп директоры:

Б.Сейтқазиева



**«С.Сейфуллин атындағы жалпы білім беретін мектеп» коммуналдық  
мемлекеттік мекемесінің 2023 -2024 оқу жылына арналған  
әдістемелік кеңестің жылдық жұмыс**

**ж о с п а р ы**

**2023 -2024 оқу жылы**

## Әдістемелік кеңес туралы ереже

### 2. Жалпы ережелер

Әдістемелік кеңес бұл – білім ұйымдары басшыларының әдістемелік жұмыс жөніндегі орынбасарларының және педагогтардың педагогикалық шеберліктерін арттырудағы жұмысты үйлестіруге арналған және педагогикалық қызметке деген шығармашылық тәсілдерді қалыптастыруға мүмкіндік беретін білім бөлімінің ұжымдық органы.

### 3. Әдістемелік кеңестің мақсаты мен міндеттері:

Әдістемелік кеңес қызметінің мақсаты – педагогикалық ұжымның кәсіби шеберліктерінің өсуіне мүмкіндік беру.

Міндеттері:

2. шығармашылық бастамаларды дамытуға мүмкіндік беру;
3. білім жүйесін дамытуға кедергі жасайтын педагогикалық мәселелерді анықтау;
4. осы мәселелерді шешу жолдарын табу және оның барысында педагогикалық ұжымның күш - жігерін шоғырландыру;
5. педагогтардың ғылыми-теориялық және әдістемелік дайындықтарын жетілдірудегі педагогикалық сана сезімін қалыптастыруға ықпал ету. кеңес заманғы

### 1. Әдістемелік кеңестің міндеттері мен құқықтары:

6. әдістемелік жұмыстың стратегиялық жоспарларын жүзеге асыру;
7. білім ұйымдары жұмыстарының нәтижелілігін талдау, соның негізінде даму болашағын жасау;
8. педагогикалық жаңалықтарға сараптамалық баға беруді жүзеге асыру және оларды іске асыруға қажетті әдістемелік көмек көрсету;
9. жас маманның қалыптасуын басқаруды жүзеге асыру;
10. озат педагогикалық тәжірибені анықтау, жинақтау және тарату;
11. педагогикалық ұжымның әлеуеттік мүмкіндіктерін зерделеу және анықтау;
12. әр түрлі көтермелеуді қажет ететін мұғалімдерді ұсыну.

### 1. Әдістемелік кеңестің құрамы

Әдістемелік кеңестің құрамына енеді:

13. білім ұйымдары мәселелер бойынша зертхана меңгерушілері;
14. әдістемелік кабинеттің әдіскерлері;
15. білім ұйымы басшысының әдістемелік жұмысы жөніндегі орынбасарлары;
16. әдістемелік кеңестің төрағасы - әдістемелік кабинеттің меңгерушісі.

**1. Әдістемелік кеңес жұмысын ұйымдастыру**

17. әдістемелік кеңес өзінің отырыстарын қажет болған жағдайда білім ұйымының жұмыс жоспарына сәйкес өткізеді;
18. әдістемелік кеңес демократиялық, жариялылық, сыйластық негізінде және педагогикалық ұжымның барлық мүшелерінің мүдделерін есепке ала отырып өз жұмысын жүргізеді;
19. әдістемелік кеңестің екі немесе үшеуден кем емес мүшелері болған жағдайда, әдістемелік кеңестің отырыстары құқылы болып есептеледі;
20. әдістемелік кеңестің барлық отырыстары ашық деп жарияланады, онда кеңестік дауыс беру құқығына ие білім ұйымдары өкілдері қатыса алады;
21. әдістемелік кеңес қабылдаған шешімдер туралы білім ұйымдарының директорларына, әдістемелік жұмыс жөніндегі орынбасарларына үнемі хабар беріліп отырады;
22. қажет болған жағдайда әдістемелік кеңестің шешімі бұйрықпен расталады.

**Әдістемелік кеңес жоспары**

к/с	Атқарылатын жұмыс мазмұны	Мерзімі	Жауапты
1	2022-2023 оқу жылында атқарылған оқу-әдістемелік жұмыстардың талдауы	Қыркүйек	Ш.Әбілда
2	2023-2024 оқу жылына арналған әдістемелік кеңесінің жұмыс жоспарын бекіту	Қыркүйек	Ш.Әбілда

3	Жанартылған бағдарлама бойынша жұмыс түрлерін жоспарлау	Қыркүйек	Ш.Әбілда М.Белхожаева
4	Үйірме, арнаулы курстар мен таңдау пәндерінің жоспарларын бекіту	Қыркүйек	Ш.Әбілда
5	Білімдегі оқылқықтың орнын толтыру. Білім сапасын көтеру	Қыркүйек	Ш.Әбілда М.Белхожаева
6	Әр түрлі мәселе: ӘБ жетекшілерін бекіту Жас маманға тәлімгерлер бекіту	Қыркүйек	Ш.Әбілда М.Белхожаева
7	Мектепшілік оқушылар олимпиадасының қорытындысы туралы	Қараша	Ш.Әбілда М.Белхожаева
8	I тоқсан бойынша білім сапа қорытындысы	Қараша	Ш.Әбілда М.Белхожаева
9	Аттестатталушы мұғалімдердің іс-тәжірибесін зерттеу, талдау жасау, эксперттік бағалау, ұсыныстар жасау	Қараша	Ш.Әбілда М.Белхожаева
10	Дарын орталықтарын жұмысы барысы. Оқушылардың нәтижелері мен дайындығы	Қараша	Ш.Әбілда М.Белхожаева
11	Мұғалім мамандардың функционалдық сауаттылығын жетілдіру жолдары	Қаңтар	Ш.Әбілда М.Белхожаева
12	Мұғалімдердің күнтізбелік-тақырыптық жоспарларын қарау, бекіту	Қаңтар	Ш.Әбілда М.Белхожаева
13	Оқушылардың оқу техникасы мен оқу сауаттылығын зерделеу. (2-4, 5-8 сыныптар)	Қаңтар	Ш.Әбілда М.Белхожаева

14	Оқу бағдарламасының соның ішінде практикалық бөлімнің зертханалық, практикалық бақылау жұмыстарының орындалу жағдайы, оқушылардың дәптерлерінің жүргізілуі	Наурыз	Ш.Әбілда М.Белхожаева
15	Оқу танымдық қызметке ынтасы жоғары балалармен жұмыс жағдайын бақылаудың қорытындысы	Наурыз	Ш.Әбілда М.Белхожаева
16	2023-2024 оқу жылына әдістемелік кеңестің жылдық жоспары мен проблемасы, мақсаттарын айқындау	Мамыр	Ш.Әбілда М.Белхожаева